

**2022-2023 оқу жылындағы 2 «Ә» сынып оқушыларының ата-аналарымен
жүргізілген жұмыстар туралы
ЕСЕП**

2 «Ә» сыныбының ата-аналар комитетінің құрамында 11 ата-ана бар. 2022-2023 оқу жылында 2 «Ә» сынып оқушыларының ата-аналарымен әртүрлі бағыттарда жұмыс жүргізілді.

Мақсаты: балалардың табысты оқуы мен дамуын қамтамасыз ету үшін мұғалімдер мен ата-аналар арасында өзара жемісті әрекеттестік орнату. Жұмыс барысында келесі іс-шаралар өткізілді:

Ата-аналар жиналысы: балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелерін талқылау үшін ата-аналармен кездесулер ұйымдастырылды. Кездесулерде өзекті тақырыптар:

- «Балаға сабақ дайындауда қалай көмектесуге болады?»;

- «Балаңыз кітап оқысын десеңіз,..»;

- «Балалардың денсаулығы мен тәрбиесіне ұялы телефондардың жағымсыз және оң әсерлері»;

-«Демалысты тиімді өткізейік!» талқыланып, балалармен қарым-қатынас жасау және олардың оқуын қолдау бойынша ұсыныстар айтылды.

Жеке консультациялар: ата-аналарға балаларының оқуына және мінез-құлқына қатысты жеке сұрақтар мен алаңдаушылықтарды талқылауға мүмкіндіктер берілді. Консультациялар барысында ата-аналарға жағдайды жақсарту бойынша кеңестер мен ұсыныстар берілді.


Мектептегі іс-шараларға қатысу: Мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту мақсатында ата-аналар мектептегі іс-шараларға, концерттерге, көрмелерге және спорттық жарыстарға шақырылды.

Кері байланыс: ата-аналарды балаларының жетістіктері мен үлгерімі, сондай-ақ мектептегі бағалары мен тәртібі туралы үнемі хабардар етіліп отырылды, кері байланыс алу мақсатында тақырыптық сауалнамалар алынып отырылды.

2 «Ә» сынып оқушыларының ата-аналарымен жүргізілген жұмыстың нәтижелері мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы өзара түсіністіктің жақсарғанын, ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысуының артқанын және оқушылардың оқу үлгерімі мен оқу ынтасының жоғарылағанын көрсетті.

Қорытындылай келе, 2 «Ә» сынып оқушыларының ата-аналарымен жұмыс нәтижелі болды және мектеп пен отбасы арасындағы серіктестікті нығайтуға мүмкіндік берді, бұл балалардың оқуы мен дамуына жақсы әсер етті.

Сынып жетекші:



Ажибаева А.С.